

«Баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы
кағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 желтоқсандағы
№ 506 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының заңдар жинағының толық мәтіні: Қазақстан Республикасының заңдар жинағы
БҮЙЫРАМЫН:

1. «Баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы кағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 желтоқсандағы № 506 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 21 желтоқсанда № 31180 болып тіркелді) келесі өзгертулер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген баланы жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу кағидаларында:

7, 8, 9 және 10-тармақтар мынадай редакцияда жазалсын:

«7. Баланы жәбірлеу (буллинг) фактісі туралы ақпарат білім беру ұйымына келіп түскен кезде жауапты тұлға ақпаратты 1 (бір) күн ішінде баланы жәбірлеу (буллинг) туралы ақпаратты есепке алу журналында тіркейді және білім беру ұйымы басшысының назарына жеткізеді.

8. Білім беру ұйымы басшысының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары 2 (екі) жұмыс күні ішінде:

- 1) баланы жәбірлеуге (буллингке) қатысушылар туралы ақпарат келіп түскен күннен бастап бастапқы ақпаратты қалыптастырады, оған мыналар кіреді:

баланың (отбасы мүшелерінің) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса);

тұрғылықты жері;

оқу орны бойынша баланың жалпы сипаттамасы;

сынып жетекшісінің, куратордың, баланы (педагогты) жәбірлеуге (буллингке) қатысушылардың және (немесе) баланың заңды өкілдерінің жазбаша түсіндірмесі.

- 2) сынып жетекшісімен, психологиялық қызмет мамандарымен бірлесіп баланы жәбірлеуге (буллингке) байланысты мән-жайларды анықтау және жанжалды медиативтік реттеу бойынша жұмыс жүргізеді;

- 3) медиативтік шешім болмаған жағдайда материалдарды білім беру ұйымының басшысы басқаратын Профилактика кеңесінің отырысына қарауға шығарады оның нәтижелері бойынша жәбірлеуге (буллинг) фактісін тану немесе танымау туралы, құқық бұзушылықтарға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі ұсынымдар, баланың құқықтары мен мүдделерін қалпына келтіру және қорғау жөніндегі шаралар туралы хаттамалық шешім шығарады.

- 4) медициналық көрсеткіштер болған жағдайда медициналық көмек көрсету стандарттарына сәйкес жәбірлеуден (буллингтен) зардап шеккен балаларға медициналық көмек көрсетуге жәрдемдеседі;

5) баланы жәбірлеу (буллинг) фактісі туралы ақпаратты қарағаннан кейін 1 (бір) жұмыс күні ішінде білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органға ақпарат береді;

6) баланы жәбірлеу (буллинг) фактілері туралы келіп түскен ақпараттың, оның ішінде расталған жағдайлардың есебін жүргізеді.

9. Профилактика кеңесінің шешімімен келіспеген жағдайда ата-аналар немесе өзге де заңды өкілдер білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органға жүгінеді.

10. Білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органға ақпарат түскен кезде:

1) 1 (бір) жұмыс күні ішінде келіп түскен ақпаратты Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 64-бабының 1-тармағына сәйкес тіркеуді жүргізеді;

2) ал баланы жәбірлеу (буллинг) фактісі туралы келіп түскен ақпарат және білім беру ұйымы ұсынған қарау нәтижелері негізінде 2 (екі) жұмыс күні ішінде баланы қорқытуды (буллингті) тану немесе танымау туралы шешім қабылдайды;

3) жәбірлеу (буллинг) тану туралы шешім қабылдаған кезде 1 (бір) жұмыс күні ішінде баланың заңды өкілдерімен және білім беру ұйымымен келісім бойынша жәбірлеуге (буллингке) ұшыраған кәмелетке толмағанды әлеуметтік оңалту туралы және кәмелетке толмағанды жәбірлеуге (буллингке) бастамашыны/қоздырушыны әлеуметтік бейімдеу туралы шешім қабылдайды;

4) баланың заңды өкілдерінің, жәбірлеудің (буллингтің) бастамашысының/бастаушысының және жәбірлеуге (буллингке) ұшыраған баланың келісімімен медиаторды тарту арқылы баланы жәбірлеуге (буллингке) байланысты инцидентті реттеу жөнінде шаралар қабылдайды;

5) баланың құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуы жойылған жағдайда оны жәбірлеудің (буллингтің) тоқтатылуы туралы шешім қабылдайды;

6) баланы жәбірлеу (буллинг) фактілері туралы келіп түскен ақпараттың есебін жүргізеді...».

2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуі;

2) Осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) Осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі

5) әңгімелесу өткізілгеннен кейін 1 (бір) жұмыс күні ішінде жүргізілген жұмыстың нәтижелері туралы ақпаратты білім беру ұйымдарының басшысына береді.

10. Білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органды ақпарат түскен кезде:

1) 1 (бір) жұмыс күні ішінде келіп түскен ақпаратты Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 64-бабының 1-тармағына сәйкес тіркеуді жүргізеді;

2) жиналған деректер негізінде 2 (екі) жұмыс күні ішінде баланы жәбірлеуді (буллингті) тану немесе танымау туралы шешім қабылдайды;

3) жәбірлеуді (буллингті) тану туралы шешім қабылдаған жағдайда:

баланың заңды өкілдерімен келісім бойынша жәбірлеуге (буллингке) ұшыраған кәмелетке толмағанды әлеуметтік оңалту және кәмелетке толмағанды жәбірлеудің (буллингтің) бастамашысын/бастаушысын әлеуметтік бейімдеу туралы шешім қабылдайды;

1 (бір) жұмыс күні ішінде жоғары тұрған білім беру органына хабарлайды;

2 (екі) күннен кешіктірмей қабылданған шешім туралы ақпаратты және бала туралы деректерді оның оқу орны бойынша білім беру ұйымына береді;

4) баланың заңды өкілдерінің, жәбірлеудің (буллингтің) бастамашысының/бастаушысының және жәбірлеуге (буллингке) ұшыраған баланың келісімімен медиаторды тарту арқылы баланы жәбірлеуге (буллингке) байланысты инцидентті реттеу жөнінде шаралар қабылдайды;

5) баланың құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуы жойылған жағдайда оны жәбірлеудің (буллингтің) тоқтатылуы туралы шешім қабылдайды.

11. Жәбірлеуге (буллингке) ұшыранның заңды өкілдері білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органның шешімімен келіспеген жағдайда оған Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91-бабының 5-тармағына сәйкес шағым жасайды.

12. Жәбірлеуге (буллингке) ұшыраған кәмелетке толмағанды әлеуметтік оңалту туралы және кәмелетке толмағанды жәбірлеудің (буллингтің) бастамашысының/бастаушысының әлеуметтік бейімдеу туралы шешім алғаннан кейін білім беру ұйымы:

1) "Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызмет қызметінің қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 25 тамыздағы № 377 бұйрығына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29288 болып тіркелген) баланы жәбірлеуге (буллингке) қатысушыларға психологиялық қолдау көрсетуді жеке жұмыс жоспарын әзірлеу арқылы жүзеге асырады, оған жәбірлеуге (буллингке) ұшыраған баланы әлеуметтік оңалту және жәбірлеудің (буллингтің) бастамашысын/бастаушысын әлеуметтік бейімдеу жөніндегі шаралар кіреді;

2) жәбірлеудің (буллингтің) бастамашысын/бастаушысын мектепшілік есепке қоюды жүзеге асырады және оның түзетілуіне мониторинг жүргізеді;

3) баланың мінез-құлқында оң өзгерістер болмаған жағдайда мектепшілік есепке қойылған күннен бастап 6 ай ішінде материалдарды қорғау және ұсыныстар шығару үшін Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияға (бұдан әрі – КТК) жібереді.

13. КТК баланың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау және қалпына келтіру, кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою, кәмелетке толмағандарды зорлық-зомбылық пен қатыгез қарым-қатынастан қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асырады, "Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның қызметі туралы үлгілік ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 11 маусымдағы № 789 қаулысына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9123 болып тіркелген).

14. Жәбірлеуден (буллингтен) зардап шеккен балалар медициналық көмекке жүгінген кезде денсаулық сақтау ұйымы:

1) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысанына сәйкес тіркейді;

2) баланы көзбен шолып тексеруді жүргізеді;

3) медициналық көмек көрсету стандарттарына сәйкес жәбірлеуден (буллингтен) зардап шеккен балаларға медициналық көмек көрсетеді;

15. Баланы жәбірлеу (буллинг) фактісін анықтаған жағдайда білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау ұйымдары мыналарға:

1) білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органға;

2) баланың оқу орны бойынша білім беру ұйымына;

3) ішкі істер органдарына (бұдан әрі - ІІО) дереу жазбаша түрде хабарлайды.

16. Жәбірлеуден (буллингтен) зардап шеккен баланың заңды өкілі жүгінген жағдайда ІІО:

1) келіп түскен өтінішті қарайды және әкімшілік не қылмыстық құқық бұзушылық белгілері болған кезде тексеру жүргізеді;

2) мыс құрамының болмауына байланысты қылмыстық іс қозғауға немесе оны тоқтатуға негіздер болмаған кезде баланы жәбірлеу (қорқыту) туралы хабарламаны мәні бойынша қарау және шешім қабылдау үшін оқиға болған білім беру ұйымына жоғары тұрған органға жібереді;

3) кәмелетке толмағандарды құқықтық тәрбиелеуде білім беру органдарына, олардың заңды өкілдеріне жәрдем көрсетеді;

4) кәмелетке толмағанның қатысуымен жәбірлеу (буллинг) фактіні қарау жөніндегі іс-қимылдарды және басқа да іс-шараларды жүргізу үшін оның заңды өкілдері болмаған

5) баланы жәбірлеу (буллинг) фактісі туралы ақпаратты қаржыланған кейін 1 (бір) жұмыс күні ішінде білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органға ақпарат берелі;

6) баланы жәбірлеу (буллинг) фактілері туралы келіп түскен ақпараттың, оның ішінде расталған жағдайлардың есебін жүргізеді.

9. Профилактика кеңесінің шешімімен келіспеген жағдайда ата-аналар немесе өзге де заңды өкілдер білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органға жүгінеді.

10. Білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органға ақпарат түскен кезде:

1) 1 (бір) жұмыс күні ішінде келіп түскен ақпаратты Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 64-бабының 1-тармағына сәйкес тіркеуді жүргізеді;

2) ал баланы жәбірлеу (буллинг) фактісі туралы келіп түскен ақпарат және білім беру ұйымы ұсынған қарау нәтижелері негізінде 2 (екі) жұмыс күні ішінде баланы қорқытуды (буллингті) тану немесе танымау туралы шешім қабылдайды;

3) жәбірлеу (буллинг) тану туралы шешім қабылдаған кезде 1 (бір) жұмыс күні ішінде баланың заңды өкілдерімен және білім беру ұйымымен келісім бойынша жәбірлеуге (буллингке) ұшыраған кәмелетке толмағанды әлеуметтік оңалту туралы және кәмелетке толмағанды жәбірлеуге (буллингке) бастамашыны/қоздырушыны әлеуметтік бейімдеу туралы шешім қабылдайды;

4) баланың заңды өкілдерінің, жәбірлеудің (буллингтің) бастамашысының/бастаушысының және жәбірлеуге (буллингке) ұшыраған баланың келісімімен медиаторды тарту арқылы баланы жәбірлеуге (буллингке) байланысты инцидентті реттеу жөнінде шаралар қабылдайды;

5) баланың құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуы жойылған жағдайда оны жәбірлеудің (буллингтің) тоқтатылуы туралы шешім қабылдайды;

6) баланы жәбірлеу (буллинг) фактілері туралы келіп түскен ақпараттың есебін жүргізеді...».

2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуді;

2) Осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;




3) Осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі

БІЗ БУЛЛИНГЕ ҚАРСЫМЫЗ

- 👉 *Буллинг пен кибербуллингтің алдын алу бағдарламасын түсінікті түрде жүзеге асырды.
- 📍 2023 жылғы тағдырлік айында мектеп оқушыларымен буллинг пен кибербуллингтің алдын алу тақырыбында сынып жетекшілер арнайы түсінікті жүзеге асырды.
- 📱 Кибербуллингтің интернетте, әлеуметтік желілерде және мобильді қосымшаларда жаңа кездесетінін ескертіп, зиянды контент пен қорлықтан қалай сақтану жолдары түсіндірілді.
- 👉 Оқушылар өз ойларын айтып, осындай жағымсыз жағдайларды болдырмау үшін жауапкершілікті өздеріне алуға дайын екендіктерін білдірді. Сонымен қатар, олар өздерінің құсақтарын қорғап, буллингке қарсы күресу жолдарын үйренді. Баршаңызды бір-біріңізге құрметпен қарауға, киберқұқықты сақтауға және зиянды әрекеттерден аулақ болуға шақырамыз!



«МЕНИҢ МЕКТЕБИМ БУЛЛИНГКЕ ҚАРСЫ»

«МЕНИҢ МЕКТЕБИМ БУЛЛИНГКЕ ҚАРСЫ»

Тайтөбе ауылының жалпы орта білім беретін мектебінің оқушылары "Менің мектебім буллингке қарсы" атты тақырыпта флешмоб ұйымдастырылды.

Флешмоб мақсаты – балалардың қауіпсіздік мәселелеріне саналы түрде қарауына қоғам назарын аудару.


Міндеттері:

оқушылар мен педагогтердің антибуллингтік санасы мен ойлауын қалыптастыру;

кез келген зорлық-зомбылық түрлеріне қарсылық танытуға белсенді қатысуға ықпал ету;

әлеуметтік маңызы бар міндеттер негізінде мектеп қауымдастығы ішінде бірігу мен өзара әрекеттестікті дамыту;

бірлескен би дайындау және орындау барысында балалардың, жасөспірімдер мен жастардың шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі жүзеге асыруы арқылы құқықтық тәрбиені қамтамасыз ету.



Анықтама

Мектебімізде зорлық-зомбылықтың алдын-алуда буллинг мәселесімен талаптарға сай жұмыстар жүргізілуде (соның ішінде буллинг балалармен және буллинг құрбандарымен) Буллинг (bullying) – ағылшын тілінен аударғанда, қорлау, қудалау, мазалаудегенді білдіреді. Адам үйде, мектепте, автобуста немесе интернетте, жалпы айтатын болсақ, кезкелген жерде буллингке ұшырауы мүмкін. Бұл кез келген адамның басында болатын жағдай.

Буллинг әр түрлі мағынаны білдіруі мүмкін. Ол:

- адамды мазақтау, қорлау, соқтығысу
- оның ақшасын не басқа заттарын тартып алу, оларды бүлдіру
- сол жайында өсек тарату
- оны елемеу немесе жекелету
- ренжітетін, жаман әзіл айтып, басқа адамдардың алдында ыңғайсыз жағдайға қою
- ұрып-соғу, тепкілеу, итеру немесе басқаша зақым келтіру
- қоқан-лоқы көрсету немесе қорқыту

Буллинг онлайн немесе телефон арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Олардың қатарына ренішті хабарламалар мен суреттер, зұлым мінеп-сынаулар жіберу жатады. Бұлардың барлығы кибербуллинг деп аталады.

8-11 сыныптар оқушылары арасында Буллинг және Кибербуллинг тақырыбында түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Түсіндіру жұмыстары кезінде оқушыларға психологтар тарапынаан әртүрлі ситуациялық сұрақтар тақырыпқа байланысты берілді. Оқушылармен бірге бірлесе отырып ситуациялық сұрақтарды ортаға сала отырып талдадық. Сонымен қатар ситуациялық сұрақтарға байланысты оқушылармен ситуацияны анықтау мақсатындар рөлдік ойындар жүргізілді.

Түсіндіру жұмыстарының соңында оқушылар өздерінің көкейінде жүрген сұрақтарға жауап алды.

Анықтама

Тақырыбы: Буллинг және кибербуллингтің алдын алу бойынша жүргізілген профилактикалық жұмыс туралы

Тайтөбе ауылының жалпы білім беретін мектебі

Мақсаты: Білім алушылар арасында буллинг пен кибербуллингтің алдын алу, қауіпсіз, қолайлы және қолдаушы білім беру ортасын қалыптастыру, оқушылардың құқықтық, психологиялық және цифрлық сауаттылығын арттыру.

Міндеттері:

- Буллинг және кибербуллинг ұғымдары, олардың түрлері мен салдары туралы түсіндіру;
- Қауіп-қатер белгілерін ерте анықтау және алдын алу;
- Оқушылардың өзара сыйластық, толеранттылық, жауапкершілік дағдыларын дамыту;
- Киберкеңістікте қауіпсіз мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру;
- Қиын жағдайға тап болған білім алушыларға психологиялық қолдау көрсету.

Профилактикалық жұмыс аясында төмендегі іс-шаралар жүргізілді:

- «Буллинг және кибербуллингтің алдын алу» тақырыбында сынып сағаттары;
- Психологтың қатысуымен тренингтер мен әңгімелер;
- Оқушылар арасында сауалнама, бақылау жұмыстары;
- Ата-аналарға арналған жиналыстар мен түсіндіру жұмыстары (балалардың интернеттегі қауіпсіздігі);
- Ақпараттық парақшалар, жадынамалар тарату;
- Сенім жәшігі және кері байланыс орнату.

Нәтижелері:

- Оқушылар буллинг пен кибербуллингтің түрлерін ажырата алады;
- Қауіпті жағдайларда көмекке жүгіну жолдарын меңгерді;
- Сыныптағы психологиялық ахуалдың жақсаруы байқалды;
- Ата-аналардың тақырып бойынша хабардарлығы артты.

Қорытынды: Буллинг және кибербуллингтің алдын алу бойынша профилактикалық жұмыстар жоспарға сәйкес жүргізілді. Алдағы уақытта да білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жұмыстар жүйелі түрде жалғастырылады.

Жауапты тұлға: Каепов А.М

Жакыбаева Г.Н



Анықтама:

«Сен өз құқығыңды білесің бе?» атты 5-11 сынып оқушылары арасында «Құқық тәртібі» тұжырымдамасын жүзеге асыру аясында Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының магистранттары кәмелетке толмағандардың құқықтары, жауапкершілік түрлері және күнделікті өмірде жиі кездесетін құқықтық жағдайлар туралы талқылады.

Іс-шара сұрақ-жауап, пікір алмасу форматында өтіп, қатысушыларға құқықтық мәдениетті қалыптастыруға бағытталады.



Жауапты: Каепов А.М

Жақыбаева Г.Н

1 сынып оқушылары арасында «Біз әр түрліміз, бірақ төңіз» сынып сағаты өтті. Сынып сағатының мақсаты – оқушылардың адам құқықтары, төңдік, өзара құрмет және төзімділік туралы түсініктерін қалыптастыру. Сынып сағаты барысында әр адамның сыртқы келбеті, мінезі, қабілеті, ұлты мен көзқарасы әртүрлі болғанымен, қоғамдағы құқығы мен қадір-қасиеті бірдей екені түсіндіріледі. Оқушыларды бір-бірін сыйлауға, көмсітушілікке жол бермеуге, достық пен ынтымақты нығайтуға тәрбиелеу көзделді.

Анықтама:



Анықтама:

1 «Б» сынып оқушылары арасында «Біз әр түрліміз, бірақ теңбіз» сынып сағаты өтті. Сынып сағатының мақсаты – оқушылардың адам құқықтары, теңдік, өзара құрмет және төзімділік туралы түсініктерін қалыптастыру. Сынып сағаты барысында әр адамның сыртқы келбеті, мінезі, қабілеті, ұлты мен көзқарасы әртүрлі болғанымен, қоғамдағы құқығы мен қадір-қасиеті бірдей екені түсіндіріледі. Оқушыларды бір-бірін сыйлауға, көмекшілікке жол бермеуге, достық пен ынтымақты нығайтуға тәрбиелеу көзделді.



Анықтама

2 сынып оқушылары арасында «ДОСБОЛЛИКЕ» « Мен + Сен - Біз» тақырыбында сынып сағаты өткізілді

Сынып сағаты оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай ұйымдастырылып, достық, сыйластық, жауапкершілік, бірлік сияқты жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыруды мақсат етті.

Іс-шара барысында оқушылар белсенділік танытып, тәрбиелік тапсырмалар мен пікір алмасулар жүргізілді. Сынып сағаты жоспарға сай өткізіліп, қойылған тәрбиелік мақсаттар орындалды.



Жауапты ДТЖО

Анықтама

«Мен, сен, біз» тақырыбындағы 2 «Ә» сыныбында сынып сағаты өтті.

«Мен, сен, біз» тақырыбындағы сынып сағаты оқушылардың тұлғалық дамуына, өзара қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға және сынып ұжымын нығайтуға бағытталған тәрбиелік іс-шара болып табылады. Бұл сынып сағаты арқылы әр оқушы өзін жеке тұлға ретінде тануға, өз ойын еркін жеткізуге, өз әрекеттеріне жауапкершілікпен қарауға үйренеді.

Сынып сағатының негізгі мазмұны «мен» ұғымы арқылы оқушының өзін-өзі тануына, өзінің мінез-құлқы мен қабілеттерін бағалай білуіне бағытталады.

«Сен» ұғымы арқылы айналасындағы адамдарды түсіну, оларды сыйлау, өзгенің пікірімен санасу, мейірімділік пен төзімділік көрсету дағдылары қалыптастырылады. Ал «біз» ұғымы сыныпты біртұтас ұжым ретінде қабылдауға, ортақ мақсатқа бірге ұмтылуға, бір-біріне қолдау көрсетуге тәрбиелейді.



Сынып сағаты барысында түрлі пікір алмасулар, топтық жұмыстар, жағдаяттық тапсырмалар және шығармашылық тапсырмалар ұйымдастырылады. Бұл оқушылардың белсенділігін арттырып, өзара сенімділік пен достық қарым-қатынасты дамытуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, оқушылар бір-бірін тыңдауға, ортақ шешім қабылдауға және ұжымдық жауапкершілікті сезінуге үйренеді.

Қорытындылай келе, «Мен, сен, біз» тақырыбындағы сынып сағаты оқушылардың адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға, өзара сыйластық пен түсіністікті арттыруға, жағымды психологиялық ахуал орнатуга ықпал етеді. Бұл іс-шара оқушылардың мектеп өміріне бейімделуіне және болашақта қоғамда өз орнын табуына негіз қалайды.

Жауапты ДТЖО

Жауапты ДТЖО



3 сынып оқушылары арасында « Біздің арқайсымыз ерекше» тақырыбында сынып сағаттары өтті. Бұл сынып сағаты оқушылардың жеке даралығын, қабілеттері мен қызығушылықтарын құрметтеуге, өзіне және өзгеге сыйластықпен қарауға тәрбиелейтін сынып сағаты. Бұл сабақта әр адамның қайталанбас екенін түсіндіру, өзін-өзі бағалауды арттыру, толеранттылық пен достық қарым-қатынасты дамыту көзделді.


Анықтама

Анықтама

Сөз энергиясы – адамның ауызша немесе жазбаша түрде айтқан әрбір сөзінің бойында болатын ерекше күш. Сөз арқылы адам өз ойын, сезімін, ниетін жеткізеді және сол сөздің мазмұны мен айтылу мәнеріне қарай айналасындағы адамдарға оң немесе теріс әсер етеді. Жылы, мейірімді, қолдаушы сөздер адамның көңіл күйін көтеріп, өзіне деген сенімін арттырады, ал дөрекі, жағымсыз, ойланбай айтылған сөздер адамды ренжітіп, оның рухани күйіне кері әсер етуі мүмкін.

Сөз энергиясы адамның ішкі мәдениетімен, тәрбиесімен, ойлау деңгейімен тығыз байланысты. Әрбір айтылған сөз белгілі бір эмоция мен мағынаны қамтиды және тыңдаушының санасына әсер етеді. Сондықтан сөзді орнымен, ойланып айту – адамгершілік пен сыйластықтың белгісі. Халық даналығында «Жақсы сөз – жарым ырыс» деп бекер айтылмаған, себебі ізгі сөз адамдар арасындағы қарым-қатынасты жақсартып, достық пен түсіністікті нығайтады.

Осы орайда **4 сынып оқушылары арасында «Сөз энергиясы»** тақырыбында сынып сағаттары өтті. Бұл тақырып арқылы оқушылар сөздің күдіретін түсініп, жағымды сөздерді күнделікті өмірде қолданудың маңызын ұғынады.




Анықтама

Сөз энергиясы – адамның ауызша немесе жазбаша түрде айтқан әрбір сөзінің бойында болатын ерекше күш. Сөз арқылы адам өз ойын, сезімін, ниетін жеткізеді және сол сөздің мазмұны мен айтылу мәнеріне қарай айналасындағы адамдарға оң немесе теріс әсер етеді. Жылы, мейірімді, қолдаушы сөздер адамның көңіл күйін көтеріп, өзіне деген сенімін арттырады, ал дөрекі, жағымсыз, ойланбай айтылған сөздер адамды реңжітіп, оның рухани күйіне кері әсер етуі мүмкін.

Сөз энергиясы адамның ішкі мәдениетімен, тәрбиесімен, ойлау деңгейімен тығыз байланысты. Әрбір айтылған сөз белгілі бір эмоция мен мағынаны қамтиды және тыңдаушының санасына әсер етеді. Сондықтан сөзді орнымен, ойланып айту – адамгершілік пен сыйластықтың белгісі. Халық даналығында «Жақсы сөз – жарым ырыс» деп бекер айтылмаған, себебі ізгі сөз адамдар арасындағы қарым-қатынасты жақсартып, достық пен түсіністікті нығайтады.

Осы орайда 4 сынып оқушылары арасында «Сөз энергиясы» тақырыбында сынып сағаттары өтті. Бұл тақырып арқылы оқушылар сөздің құдіретін түсініп, жағымды сөздерді күнделікті өмірде қолданудың маңызын ұғынады.



Анықтама

5 сынып оқушылары арасында « Күйзеліске төзімділік » тақырыбында сынып сағаттары өтті. «Күйзеліске төзімділік» сынып сағатының мақсаты – оқушылардың күйзеліс ұғымы туралы түсінігін кеңейту, түрлі өмірлік жағдайларда эмоцияны басқару және қиындықтарға сабырмен, саналы түрде жауап беру дағдыларын қалыптастыру. Сынып сағаты барысында оқушылар күйзелістің себептері мен белгілерін, оны жеңудің қауіпсіз және пайдалы жолдарын үйренеді. Сонымен қатар өзіне сенімділік, жағымды ойлау және психологиялық саулықты сақтау маңыздылығы түсіндіріледі.




Жауапты ДТЖО

Анықтама

6 сынып оқушылары арасында «Қақтығыстарды басқару өнері» тақырыбында сынып сағаттары өтті.

Қақтығыстарды басқару өнері – адамдар арасындағы келіспеушіліктерді бейбіт, саналы және тиімді жолмен шешу дағдыларының жиынтығы. Қақтығыс – күнделікті өмірде жиі кездесетін құбылыс, алайда оны дұрыс басқару арқылы жағымсыз салдардың алдын алуға болады.

Бұл сынып сағатының мақсаты – оқушыларға қақтығыстың пайда болу себептерін түсіндіру, өз эмоциясын бақылау, қарсы тарапты тыңдай білу және өзара сыйластық негізінде ортақ шешімге келу жолдарын үйрету. Сынып сағаты барысында оқушылар қақтығыс жағдайындағы мінез-құлық түрлерімен танысып, өмірде қолдануға болатын тиімді қарым-қатынас тәсілдерін меңгереді.



Сынып сағаты оқушылардың коммуникативтік мәдениетін қалыптастырып, толеранттылыққа, сабырлыққа және жауапкершілікке тәрбиелеуге бағытталады.


Жауапты ДТЖО

Анықтама

7 сынып оқушылары арасында «Өз және басқа адамдардың шекаралары» тақырыбында сынып сағаттары өтті.

«Өз және басқа адамдардың шекаралары» – бұл адамның жеке кеңістігін, сезімін, ойын, уақытын және құқықтарын қорғау қабілеті. Әр адамның өзіне тиесілі физикалық, эмоциялық және психологиялық шекаралары болады. Өз шекарасын білу – өзіне деген құрметті білдіреді, ал өзгенің шекарасын сақтау – сыйластық пен мәдениеттің белгісі.




Жеке шекараларды сақтау арқылы адамдар бір-бірімен дұрыс қарым-қатынас орнатады, түсініспеушіліктер мен жанжалдардың алдын алады. Бұл тақырып 7 сынып оқушыларының өз пікірін ашық айтуға, «жоқ» деп айта білуге, сондай-ақ өзге адамдардың сезімі мен таңдауын құрметтеуге үйретеді.



Жауапты ДТЖО

Анықтама

8 сынып оқушылары арасында «Ұжымның күші» тақырыбында сынып сағаты өтті. Сынып сағатында ұжымның күшті болуының негізгі шарттары (сенім, қолдау, ортақ мақсат), ұжымдағы әрбір мүшенің рөлі, бірліктің табысқа жетудегі маңызы талқыланады. Талқылау, жағдаяттық тапсырмалар мен пікір алмасу арқылы оқушылардың ой-пікірі тыңдалады.



Жауапты ДТЖО

Анықтама

“Өміршеңдік ресурстары” – бұл адамның өмірдегі қиындықтарға төтеп беруіне, күйзеліске қарсы тұруына және өзін психологиялық тұрғыдан жақсы сезінуіне көмектесетін ішкі және сыртқы мүмкіндіктер жиынтығы.

9 сынып оқушылары арасында **“Өміршеңдік ресурстары”** тақырыбында сынып сағаттары өтті. Бұл ұғым әдетте оқушыларға:

- өз күшті жақтарын тануға,
- эмоцияларын басқаруға,
- қиын жағдайларда көмек сұраудан қорықпауға,
- өмірге деген оң көзқарасты қалыптастыруға

бағытталған түсіндіру үшін қолданылады.

Өміршеңдік ресурстарына мыналар жатады:

- **Ішкі ресурстар:** өзін-өзі бағалау, сенім, үміт, мақсат қоя білу, табандылық;
- **Сыртқы ресурстар:** отбасы қолдауы, достар, мұғалімдер, мектеп ортасы, қауіпсіз орта.




Жауапты ДТЖО

Анықтама

Шабыттандырушы көшбасшы — бұл өз іс-әрекетімен, мінез-құлқымен және сөзімен өзгелерге үлгі бола алатын, адамдарды ортақ мақсатқа жетуге жігерлендіретін тұлға. Ол жауапкершілікті өз мойнына алып, айналасындағы адамдардың қабілетін танып, оларды дамытуға ықпал етеді.

Шабыттандырушы көшбасшы сенім ұялатады, қиын сәттерде қолдау көрсетеді және ұжымда жағымды орта қалыптастыра отырып **10 сынып оқушылары арасында Шабыттандырушы көшбасшы тақырыбында сынып сағаттары өтті.**




Жауапты ДТЖО

Анықтама

II сынып оқушылары арасында «Өзіме де, өзгеге де жауаптымын!» тақырыбында сынып сағаттары өтті. Бұл сынып сағаты оқушылардың жеке жауапкершілігін, өз іс-әрекетіне есеп бере білуін, сондай-ақ қоғам алдындағы міндетін түсіндіруге бағытталған тәрбиелік іс-шара. Сабақ барысында оқушылар өзіне камқор болу (денсаулық, тәртіп, оқу), өзгеге құрметпен қарау (сыныптастар, отбасы, қоғам), қауіпсіз мінез-құлық пен дұрыс шешім қабылдаудың маңызын ұғынды.

Негізгі мақсаты — саналы, жауапты, адамгершілігі жоғары тұлға қалыптастыру, өз әрекетінің салдарын түсіне отырып, ортаға оң әсер ете алатын азамат тәрбиелеу.




Жауапты ДТЖО

Анықтама

5-7 сынып оқушылары арасында «Зорлық-зомбылықсыз қатыгездіксіз балалық шақ» сурет көрмесі ұйымдастырылған. Көрмесінің мақсаты – балалардың қауіпсіз, мейірімді және бақытты өмір сүру құқығын насихаттау. Көрмеде ұсынылған суреттер шындықты тазалығы, ата-ана мейірімі, достық, камқорлық және құндылықтары бейнеленген.

Шара балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу, бала құқықтарын қорғау мәселесіне аудару және жас ұрпақ адамгершілікке, жанашырлыққа тәрбиелеуге бағытталған. Көрермендерді балаға құрметпен қарап, оның еркін дамуына шақырады.





Жауапты ДТЖО

Анықтама

5-7 сынып » оқушылары арасында «Зорлық-зомбылықсыз және қатыгездіксіз балалық шақ»» сурет көрмесі ұйымдастырылды. Сурет көрмесінің мақсаты – балалардың қауіпсіз, мейірімді және бақытты ортада өмір сүру құқығын насихаттау. Көрмеде ұсынылған суреттер арқылы балалық шақтың тазалығы, ата-ана мейірімі, достық, қамқорлық және бейбіт өмір құндылықтары бейнеленген.

Шара балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу, қоғам назарын бала құқықтарын қорғау мәселесіне аудару және жас ұрпақты адамгершілікке, жанашырлыққа тәрбиелеуге бағытталған. Көрме көрермендерді балаға құрметпен қарап, оның еркін дамуына жағдай жасауға шақырады.



Жауапты ДТЖО

Анықтама

“АДАЛ АЗАМАТ” -БІРТҮТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА Қосшы қаласы кәмелетке толмағандар ісі-жөніндегі инспектор, полиция капитаны Суиндикова Азия Ерулановна мектеп оқушыларымен кездесіп түсіндірме жұмыстарын жүргізді.



Жауапты ДТЖО



Анықтама

Біз булингке қарсымыз — бұл кез келген адамның ар-намысына, қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін қорлау, мазақ ету, қокан-лоқы жасау, кемсіту сияқты әрекеттерді қабылдамау және оларға жол бермеу ұстанымы. Бұл ұстаным өзара құрметке, қауіпсіз ортаға, мейірімділік пен жауапкершілікке негізделеді.

Сынып сағаты "Досболіке" "Буллингтен қорған!"

Сынып жетекшісі Бекова Қ.Ж


Сынып 4 "В"



Жауапты ДТЖО

Анықтама

“Жалпы ортақ заң және тәртіп күні” аясында 2 сынып оқушыларына құқық пен тәртіптің маңызы, заңға бағыну қағидалары, әділдік пен алалдық сияқты негізгі құндылықтар қысқа әрі түсінікті тілмен берілген жадынама таратылды. Жадынама балалардың күнделікті өмірінде тәртіп сақтап, өз құқығын құрметтей білуіне бағытталған.



Жауапты ДТЖО

Анықтама

“Жалпы ортақ заң және тәртіп күні” аясында 2 сынып оқушыларына құқық пен тәртіптің маңызы, заңға бағыну қағидалары, әділдік пен алаалдық сияқты негізгі құндылықтар қысқа әрі түсінікті тілмен берілген жадынама таратылды. Жадынама балалардың күнделікті өмірінде тәртіп сақтап, өз құқығын құрметтей білуіне бағытталған.



Жауапты ДТЖО

Анықтама

Сынып сағаты “Досболіке” “Буллингтен қорған!”

Сынып сағатының мақсаты оқушыларға сыйластық пен бірлік, бір-біріне қолдау көрсету және буллингке қарсы көзқарас қалыптастыру . Басты мақсат-татулық пен қауіпсіз орта.




Жауапты ДТЖО

Анықтама

«Мен, сен, біз» тақырыбындағы 2 «Б» сыныбында сынып сағаты өтті.

«Мен, сен, біз» тақырыбындағы сынып сағаты оқушылардың тұлғалық дамуына, өзара қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға және сынып ұжымын нығайтуға бағытталған тәрбиелік іс-шара болып табылады. Бұл сынып сағаты арқылы әр оқушы өзін жеке тұлға ретінде тануға, өз ойын еркін жеткізуге, өз әрекеттеріне жауапкершілікпен қарауға үйренеді.

Сынып сағатының негізгі мазмұны «мен» ұғымы арқылы оқушының өзін-өзі тануына, өзінің мінез-құлқы мен қабілеттерін бағалай білуіне бағытталады. «Сен» ұғымы арқылы айналасындағы адамдарды түсіну, оларды сыйлау, өзгенің пікірімен санасу, мейірімділік пен төзімділік көрсету дағдылары қалыптастырылады. Ал «біз» ұғымы сыныпты біртұтас ұжым ретінде қабылдауға, ортақ мақсатқа бірге ұмтылуға, бір-біріне қолдау көрсетуге тәрбиелейді.



Сынып сағаты барысында түрлі пікір алмасулар, топтық жұмыстар, жағдаяттық тапсырмалар және шығармашылық

тапсырмалар ұйымдастырылады. Бұл оқушылардың белсенділігін арттырып, өзара сенімділік пен достық қарым-қатынасты дамытуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, оқушылар бір-бірін тыңдауға, ортақ шешім қабылдауға және ұжымдық жауапкершілікті сезінуге үйренеді.

Қорытындылай келе, «Мен, сен, біз» тақырыбындағы сынып сағаты оқушылардың адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға, өзара сыйластық пен түсіністікті арттыруға, жағымды психологиялық ахуал орнатуға ықпал етеді. Бұл іс-шара оқушылардың мектеп өміріне бейімделуіне және болашақта қоғамда өз орнын табуына негіз қалайды.

Жауапты ДТЖО

Анықтама

2026 жылғы 3 ақпан күні Қосшы қаласындағы Тайтөбе жалпы орта білім беретін мектебі базасында кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі инспектор, полиция капитаны Суиндикова Азия Ерулановна 8–10 сынып оқушыларымен буллинг пен кибербуллингтің алдын алу мақсатында профилактикалық түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Кездесу барысында оқушыларға буллинг пен кибербуллингтің түрлері, олардың зияны мен құқықтық жауапкершілігі туралы жан-жақты мәлімет берілді. Сонымен қатар, жасөспірімдерге әлеуметтік желілерде қауіпсіздік сақтау, жеке мәліметтерді қорғау және интернет мәдениетін ұстану бойынша түсіндірме жасалды.

Іс-шара барысында оқушылар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап беріліп, түрлі өмірлік жағдайлар мысал ретінде талқыланды. Кездесу оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыруға және жағымсыз әрекеттердің алдын алуға бағытталды.




Жауапты ДТЖО

Анықтама

9-сынып оқушыларымен республикалық дін саласындағы ақпараттық-түсіндіру тобының мүшесі, теолог маманы Сүлейменов Жандаулет Отарбаевичпен кездесу өтті. Кездесу барысында оқушыларға діннің қоғамдағы рөлі, дәстүрлі діни құндылықтар, діни сауаттылықты арттыру және радикалды ағымдардың алдын алу мәселелері түсіндірілді.

Маман оқушылардың сұрақтарына жауап беріп, қазіргі қоғамдағы діни ахуал туралы маңызды ақпараттармен бөлісті. Сонымен қатар, жастарды сыни ойлауға, дұрыс ақпарат көздерін таңдауға және ұлттық құндылықтарды құрметтеуге шақырды.



Жауапты ДТЖО

Анықтама

5-сынып оқушылары арасында «Зорлық-зомбылықсыз және қатыгездіксіз балалық шақ» тақырыбында сурет көрмесі ұйымдастырылып өткізілді.

Аталған іс-шараның басты мақсаты – оқушыларға зорлық-зомбылықтың алдын алу, бір-біріне мейірімділікпен қарау, достық пен сыйластық қарым-қатынасты нығайту, сондай-ақ қауіпсіз және бақытты балалық шақтың маңыздылығын түсіндіру болды. Көрме арқылы балалар өз ойларын, сезімдерін және арман-тілектерін сурет өнері арқылы жеткізуге мүмкіндік алды.

Көрмеге сынып оқушылары белсенді түрде қатысып, әрқайсысы тақырып аясында мазмұнды, көркем безендірілген жұмыстарын ұсынды. Суреттерде бейбіт өмір, шаттыққа толы балалық шақ, тату отбасы, адал достық, мектептегі қауіпсіз орта, табиғат аясындағы қуанышты сәттер бейнеленді. Кейбір жұмыстарда балалар зорлық-зомбылыққа қарсылық білдіріп, мейірімділік пен адамгершілікті насихаттайтын ойларын шығармашылық тұрғыда көрсете білді.



Көрме барысында оқушылар бір-бірінің жұмыстарымен танысып, өзара пікір алмасты. Бұл олардың ой-өрісін кеңейтіп, қоғамдағы өзекті мәселелерге бейжай қарамауға тәрбиелеуге ықпал етті. Сонымен қатар, балалардың шығармашылық қабілеттері дамып, эстетикалық талғамдары қалыптасты.

АНЫҚТАМА

Тақырыбы: «Dosbolike» бағдарламасы – «Буллингтен қорған!»

«Dosbolike» бағдарламасы білім беру ұйымдарында оқушылар арасында қолайлы психологиялық ахуал қалыптастыруға, буллингтің алдын алуға және тұлғалық дамуды қолдауға бағытталған тәрбие жұмысының кешенді жүйесі болып табылады. Бағдарлама білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес құрастырылып, олардың әлеуметтік, эмоционалдық және коммуникативтік дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

Бағдарламаның мақсаты:

- оқушылар арасында өзара сыйластық, сенім және қолдау мәдениетін қалыптастыру;
- буллингтің алдын алу және оның көріністерін азайту;
- әр оқушының қауіпсіз ортада білім алуына жағдай жасау;
- тұлғаның өзін-өзі тануына және дамуына ықпал ету.

Міндеттері:

- оқушыларды достыққа, толеранттылыққа және жауапкершілікке тәрбиелеу;
- қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру;
- жанжалдардың алдын алу және оларды бейбіт жолмен шешу дағдыларын дамыту;
- жеке шекараларды құрметтеу және өз құқықтарын қорғау қабілетін жетілдіру;
- оқушылардың көшбасшылық және командалық жұмыс дағдыларын дамыту.

Іске асыру формалары:

- сынып сағаттары;
- тренингтер мен пікірталастар;
- рөлдік ойындар;
- топтық және шығармашылық жұмыстар;
- психологиялық жаттығулар;
- ата-аналармен және педагогтермен бірлескен іс-шаралар.

Күтілетін нәтижелер:

- оқушылар арасында жағымды психологиялық климат қалыптасады;
- буллинг жағдайларының алдын алу деңгейі артады;

- оқушылардың өзара қарым-қатынасы жақсарады;
- тұлғалық және әлеуметтік дағдылар дамиды;
- оқушылар өз құқықтары мен міндеттерін түсінеді және құрметтейді.

Бағдарлама мазмұны сыныптар бойынша:

1-сынып – «Ынтымағымыз жарасса»

Мақсаты: Сынып ұжымында бірлік сезімін ояту. Балаларды бірге ойнауға, бір-бірінің есімін құрметпен атауға және ортақ ережелерді сақтауға үйрету.



2-сынып – «Жақсылықты бірге жасайық»

Мақсаты: Альтруизм мен өзара көмек құндылықтарын егу. Күнделікті өмірдегі кішігірім игі істердің маңыздылығын түсіндіру (көмектесу, бөлісу).



3-сынып – «Бір-бірімізге қолдау көрсетейік»

Мақсаты: Қиын жағдайда досына демеу бола білу. Сәтсіздікке ұшыраған құрдасына қалай көмектесу керектігін және жылы сөздің күшін үйрет



4-сынып – «Достық тілі»

Мақсаты: Конфликтсіз қарым-қатынас дағдыларын дамыту. Ренішті айқайсыз жеткізуді және «кешірім сұрау», «алғыс айту» мәдениетін тереңдету.



5-сынып – «Мен жетістікке жетемін»

Мақсаты: Өзіне деген сенімділікті арттыру. Оқушының жеке қабілеттерін анықтау және «жетістік» тек баға емес, еңбек екенін ұғындыру.



6-сынып – «Тұлғалық құзіреттілік»

Мақсаты: Өз эмоцияларын басқару (эмоционалды интеллект). Сыни ойлауды дамыту және топтың қысымына төтеп бере алу қабілетін қалыптастыру.



7-сынып – «Өзгелердің жеке шекараларына құрмет»

Мақсаты: Буллингтің алдын алудағы ең маңызды тақырып. Біреудің затына, денесіне және жеке кеңістігіне рұқсатсыз қол сұқпау мәдениетін қалыптастыру.



8-сынып – «Көпірлерді орнату. Біз біріккенде үлкен күшпіз»

Мақсаты: Командалық жұмыс пен медиация (бітімгершілік). Қайшылықтарды шешудің конструктивті жолдарын үйрету және ортақ мақсатқа жұмылдыру.




9-сынып – «Өзіне сену: мен істей аламын, біз жасай аламыз!»

Мақсаты: Тезімділікті (резилиенс) дамыту. Емтихандар алдындағы стрессті жеңу және ұжымдық қолдаудың маңыздылығын көрсету.



10-сынып – «Өзін-өзі тәрбиелеу және өмірлік мақсаттарға жету»

Мақсаты: Тайм-менеджмент және өзін-өзі дамыту. Болашақ мамандықты таңдау мен жеке даму жоспарын құрудағы ішкі тәртіптің рөлі.



11-сынып – «Қоршаған ортаны толтырамыз»

Мақсаты: Әлеуметтік белсенділік және мектептен кейінгі өмірге дайындық. Бұл тақырып «қоршаған ортаға не бере аламын?» деген сұраққа жауап іздейді. Оқушының қоғамға пайдалы болуы, волонтерлік, ізгілік тарату және артына жақсы із қалдыру идеясын қамтиды.

<https://www.instagram.com/reel/DXXLszYjQMR/?igsh=dTB6dm4ydjA0amM3>

Қорытынды:

«Dosbolike» бағдарламасы – білім беру ұйымдарында қауіпсіз, қолдаушы және достық атмосфера қалыптастыруға бағытталған тиімді тәрбие құралы. Бағдарлама оқушылардың тұлғалық дамуына, өзара түсіністіктің артуына және буллингтің алдын алуға жүйелі түрде ықпал етеді.


**ЖӘБІРЛЕУДІҢ (БУЛЛИНГТІҢ) АЛДЫН АЛУ ЖӨНІНДЕГІ
«ДОСБОЛІКЕ» БАҒДАРЛАМАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ
ЕСЕП**

ББҰ: Қосшы қаласы білім бөлімінің Тайтөбе ауылы ЖОББ мектебі
Есептің кезеңі: 29/08/2025 - 16/01/2026

Бөлім	Көрсеткіш / Жұмыс түрі	
1. Құжаттық сүйемелдеу	Бағдарламаны енгізу жөніндегі бұйрық: №129/1 күні 29.08.2025 (көшірмесі тіркеледі)	
Бағдарламаны жүзеге асыру бойынша жүргізілген нақты жұмыстар		Саны (көрсету)
2. Жобалық қызмет және қатысушылар	Білім беру ұйымындағы сыныптар/топтар және оқушылардың саны	35 сынып 759 оқушы
	«ДосболІКЕ» бағдарламасы бойынша жобалық қызметке қатысып отырған оқушылар саны	759 оқушы
3. Жүргізілген іс-шаралар	Жоба бойынша сыныптан тыс іс-шаралар	43
	«ДосболІКЕ» бағдарламасы бойынша жүргізілген сабақтар	30
	Ата-аналарға арналған семинарлар	3
	Кіші қызметкерлерге арналған семинарлар	2
	Педагогтерге арналған семинарлар	2
4. Жәбірлеу бойынша тіркелген жағдай	Анықталған жәбірлеу жағдайлары (барлығы)	0
	Қайталанған жағдайлар	0
5. Буллингке қарсы команданың жұмысы	Өткізілген отырыстар (Отырыстар хаттамасының көшірмелері тіркеледі)	2
6. ББ ұйымындағы әлеуметтік-психологиялық климат	Мектептегі/колледждегі әлеуметтік-психологиялық климатта оң өзгеріс бар ма?	(Иә/жоқ)

7. Бағдарламаны жүзеге асыратын жауапты тұлға директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Каепов Ауез Махамбетович

Білім беру ұйымының басшысы



Т.С.Алиева